




Метан-оттекті процесс (метанның шала жану процесі)

Бұл процесте метанның су буымен эндотермиялық реакциясы үшін қажетті жылулық энергияны реакторды жылытуға кететін газдың орнына метанның біраз бөлігін аппараттың ішінде жандырады. Егер оттек көзі ретінде ауаны қолданса, онда реакция өнімдері азотпен ластанған болады, ол көптеген жағдайларда оларды әрі пайдалануға теріс әсер етеді. Таза оттекті қолдану, әрине, өнімдердің бағасын арттырады.

Метан-оттекті процесс екі сатымен жүреді. Бірінші сатысында оттек толығымен метанның бір бөлігімен әрекеттесіп, су және көміртек екі оксидін түзеді:



Осы реакцияның бөлінетін жылуының есебінен түзілген көміртек екі оксиді мен судың метанның артық мөлшерінен баяуырақ жүретін, көміртек оксиді мен сутегі қоспаларын алуға әкелетін эндотермиялық реакциялары жүреді.